"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

17.01.2018ж. №09-15/196

«Қаз Нұр жобалау құрылыс институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Н.Давлетяровқа

Сіздің 11.01.2018 жылғы №41 арызыңызға, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен арызда көрсетілген Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі *(әрі қарай – Мекеме)* 2017 жылдың 31 желтоқсанында веб-порталға жарияланған:

№2089236-1 «ОҚО, Бәйдібек ауданы, Боралдай, Ақбастау, Жамбыл, Бөген, Көктерек ауыл округтеріне қарасты елді мекендердегі көшелерді электрмен қамтамасыз ету жұмыстарына ЖСҚ әзірлеу» хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Камералдық бақылау жұмыстары ұйымдастырушы тарапынан конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының, сонымен қатар, конкурстық комиссияның конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

«Қаз Нұр жобалау-құрылыс институты» ЖШС-нің конкурстық өтінімі – *Инженерлік техникалық қызметкер Диханбаев Айдарбек Батырбекович «ҚазНұр» ЖШС-не 09.03.2017 жылғы №43 бұйрықпен жұмысқа қабылданған, алайда еңбек кітапшасында белгі қойылмаған. Алайда, инженерлік – техникалық қызметкерлердің тізбесінде (реестр) «НПТЦ «САМИ» ЖШС-де «Ведущий*

инженер проектировщик по ртанспортному строительству-автодороги и аэродромы» маманы ретінде тіркелген, Тюмебаев Бекзат Болатович «ҚазНұрЖобалау» ЖШС-нен жұмыстан босатылған, – деген себеппен конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші ұсынған 5-қосымша біліктілігі туралы мәліметінің еңбек ресурстарына ие болу бөлігі көрсетілген 4-тармағында инженерлік-техникалық қызметкерлер *Диханбаев Айдарбек Батырбекович пен Тюмебаев Бекзат Болатович* көрсетілмеуіне орай, конкурстық комиссияның жоғарыда көрсетілген негіздермен конкурсқа қатыстырмау шешімі Қағида талаптарына қайшы келеді.

Арыздың бұл бөлігінде Сіздің уәждеріңіз расталуға жатады. Сонымен бірге, камералдық бақылау барысында, конкурстың алдын-ала рұқсат беру және қорытынды хаттамасында конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтіміндерінің конкурсқа қатыстырмау себептерінің бірден-бір негізі ретінде техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін Заң талаптарына қайшы және негізсіз күрделендіретін талаптар екендігі анықталды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін Заң және Қағида талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сот органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орынд: Н.Исмаилов
Сымтетік 35-06-06 (ішкі 117)